



Үмбетов Д.С.

**ҚАЗАҚСТАНДА
ИНДУСТРИАЛЬДЫ-
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ
СТРАТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-
ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ
РӨЛІ**

В статье рассматривается роль научно-исследовательских работ в реализации стратегии индустриально-инновационного развития Казахстана.

The article describes the role of scientific-investigated work in realization of strategy of industrial-innovational development of Kazakhstan.

Қазақстанның алдында нарық субъектілерінің өзара тауарлар мен қызметтерді өндірудегі бәсекелестікті қолдап және дамыту міндетімен қатар елімізде ғылыми ізденістерді қажет ететін технологиялар саласындағы әлемдік бәсекелестіктің толыққанды қатысушыларына айналу үшін білім экономикасын дамытуға арналған жағдайлар тудыру міндеті де тұр.

Ел экономикасының қарқынды дамуы мен халықтың әл-ауқатының жақсаруы ғылыми-техникалық жетістіктердің нәтижесі болып табылады. Отандық ғылымның дамуына мемлекет айрықша көңіл бөліп, барлық мүмкіндіктерді жасауда [1].

2008 ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары тікелей инновациялық процесс басталған іргелі зерттеулерге 3461,1 млн.теңге жұмсалды. Іздестіру ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлығын академиялық мекемелерде де, өнеркәсіптің ірі ғылыми-техникалық ұйымдарында да жоғары ғылыми біліктілігі бар қызметкерлер жүргізеді.

Инновациялық процестің үшінші кезеңінде, көлемі 8555,8 млн.теңгені құраған жобалық-құрастыру және технологиялық жұмыстар жүргізілді.

Инновациялық процестің екінші кезеңінде 2008 жылы көлем 13713,3 млн.теңгені құраған қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Өлеуетті инвесторлар үшін қолданбалы ҒЗЖ қаржыландыру экономикалық тәуекелдермен байланысты, ал бұл теріс нәтижелерге жетудің жоғары ықтималдылығына себепші болады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының құрылымындағы ғылыми-техникалық қызметтің басты бағыты 46,4% құрайтын қолданбалы зерттеулер болып табылады. Ғылыми-техникалық әзірлемелердің 2008 жылғы үлес салмағы 2000 жылмен салыстырғанда 6 еседен артық мөлшерге өсіп, 34,7% құрады. Іргелі зерттеулер ғылыми-техникалық жұмыстар көлемінің 11,7% құрайды. Көбінесе коммерциялық негізде көрсетілген ғылыми-техникалық қызметтердің үлесі 7,2% жетті. Орындалған қолданбалы зерттеулердің және жобалық-құрастыру мен техникалық жұмыстар көлемінің қарқыны ақиқатқа негізделіп өзгеріп келе жатыр, осылайша, 1995-2008 жылдар ішінде олардың көлемі сәйкесінше 1343,6 млн.теңгеден 13713,3 млн.теңгеге дейін және 496,6 млн.теңгеден 8555,8 млн.теңгеге дейін өсті.

Инновациялық процестің үшінші кезеңін-



де, көлемі 8555,8 млн.теңгені құраған жобалық-құрастыру және технологиялық жұмыстар жүргізілді.

Инновациялық процестің екінші кезеңінде 2008 жылы көлем 13713,3 млн.теңгені құраған қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Өлеуетті инвесторлар үшін қолданбалы ҒЗЖ қаржыландыру экономикалық тәуекелдермен байланысты, ал бұл теріс нәтижелерге жетудің жоғары ықтималдылығына себепші болады [2].

Индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды дамыту үшін мыналар көзделді:

- индустриялық-инновациялық инфрақұрылым (индустриялық және арнайы экономикалық аймақтар, технопарктер, бизнес-инкубаторлар) қалыптастырудың және дамытудың бірыңғай саясатын әзірлеу;

- арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуі тиімділігін арттыруға, сондай-ақ оларды құру мен орналастыру мәселелеріне жүйелілік беруге бағытталған «Арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жаңа редакциясын қабылдау;

- 2010-2012 жылдар ішінде құрылатын индустриалдық аймақтардың тізбесін айқындау;

- басым бағыттар бойынша, оның ішінде халықаралық қатысуымен мемлекеттік, салааралық, салалық және өңірлік сипаттағы «технологиялық парктер» мен «технологиялық бизнес-инкубаторлар» желісін одан ары дамыту;

- жер учаскелерін бөлу, осы қызмет түріне арналған инвестициялық преференциялар беру жолымен индустриалдық аймақтар, технопарктер мен бизнес-инкубаторлар құруға жекеменшік бизнесті тарту жөнінде шаралар кешенін әзірлеу;

Индустриалды-инновациялық саясатты жүзеге асыру барысында жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) құрылымы жылдар бойынша әрқилы сипатқа ие. Егер өнеркәсіптегі жалпы ішкі өнімнің үлесі 2005 жылы 29,8% құраса, 2008 жылы 32,1%-ға өскен. Ал білім беруге қызмет көрсету 2005 жылы 3,5%-дан 2008 жылы 2,9%-ға төмендеген.

Техникалық реттеу және өлшеу бірлігін қамтамасыз ету саласында Стратегияны іске асыру адамның өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін өнім қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын белсенді жүргізу 2015 жылға қарай мынадай нәтижелер алуға мүмкіндік береді:

- экониканың өсу үрдістерін жылына 8,8-9,2% деңгейінде тұрақтандыру;

- 2015 жылға қарай жалпы ішкі өнімнің көлемін 2000 жылмен салыстырғанда шашамен 3,5-3,8 есеге ұлғайту;

- жалпы ішкі өнімнің құрылымындағы тауарлар мен қызмет көрсетулер өндірісінің үлес салмағын 46 %-ды құрайды;

- жалпы ішкі өнімнің құрылымындағы ғылыми және ғылыми-инновациялық сала қызметтерінің үлес салмағы 5-6 %-ды құрайды;

- экономика мен өнеркәсіптік өндірістің құрылымын бәсен өзгерту;

- өнеркәсіптік өндірістегі тау-кен өндіру салаларындағы қосылған құнды 43-44 %-ға төмендету;

- ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық өндірістердің үлесін 1-1,4 %-ға дейін

ұлғайту;

- ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық өнімнің үлесін 9-11% - ға дейін арттыру;

- өңдеуші өнеркәсіптің қосылған құнының жалпы көлеміндегі металлургия мен металл өңдеу үлесін 27-28 %-ға дейін төмендету;

- ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу үлесін 45-46%-ға дейін ұлғайту;

- электр энергиясын өндіруді және тұтынуды 2010 жылға қарай тиісінше 95,4 млрд. кВтс және 116 млрд. кВтс ұлғайту;

- жалпы ішкі өнімнің құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіптің үлесі 17,3%-ды құрайды;

- өңдеуші өнеркәсіптегі орташа жылдық өсу үрдістерін 8-8,4 %-ға жеткізу;

- 2015 жылға қарай еңбек өнімділігінің өсуін 2000 жылмен салыстырғанда кемінде 3 есеге ұлғайту;

- 2015 жылға қарай энергияны қажетсінууді 2000 жылмен салыстырғанда 2 есеге төмендету;

- жалпы ішкі өнімнің энергияны қажетсінууді 2000 жылмен салыстырғанда 2 есе төмендету;

- 2015 жылға қарай жалпы ішкі өнімнің құрылымындағы шағын және орта кәсіпкерлік үлесін 50%-ға дейін ұлғайту және кемінде 30% салықтық түсімдерді қамтамасыз ету;

- шағын және орта кәсіпкерліктің өнеркәсіптік өндіріске қатысу үлесін 20 %-ға дейін жеткізу;

- өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларының қор қайтарымдылығын арттыру;



- қолайлы кәсіпкерлік ахуал, жеке секторды ынталандыратын әрі бәсекелестік артықшылықты жетілдіретін, неғұрлым үлкен қосылған құнға қол жеткізе оытырып, нақты өндірістердегі қосылған құндар тізбегіндегі элементтерді игеретін қоғамдық институттардың құрылымы мен мазмұнын жасау;

- ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық экспортқа негізделген өндірістер құруды ынталандыру;

- елдің экспорттық әлеуетін қосылған құны жоғары тауарлар мен қызметтердің пайдасына қарай дамыту, шикізаттық емес экспорт құрамын және жеткізілімдер географиясын әртараптандыру;

- сапанын әлемдік стандарттарына көшу;

- дүниежүзілік ғылыми-техникалық және инновациялық процестерге қосыла отырып, өңірлік және дүниежүзілік экономикамен ықпалдасуды тереңдету;

- 2010 жылмен салыстырғанда жолаушылар айналымын 1,3 есе ұлғайту;

- жүк тасымалын 1,8 есе ұлғайту;

- отандық тасымалдаушылардың және елдің көлік дәліздерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- қоршаған ортаға орналастырылатын улы қалдықтар көлемін ЖІӨ-нің миллион теңгесіне 18,3 тоннаға дейін төмендету;

- тиісті қадағалай жүргізілетін қалаларда атмосфераны ластаудың орташа индексін 5,7 шартты бірлікке дейін жеткізу;

- жалпы энергия тұтыну көлеміне шаққанда баламалы электр көздерін пайдалану үлесін арттыру.

Халықаралық талаптарға сәйкес келетін стандарттарды жаппай енгізу әлемдік және өңірлік нарықтағы отандық тауарлар мен қызмет көрсетулердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Государственная программа по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010 – 2014 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 958.

2. Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің (өнеркәсіп көрсеткіштері) мәліметтері 2008-2009 ж.ж.